

ҚАТЫНАС САЛАСЫ
БОЙЫНША МАД
ТОБЫНА АРНАЛҒАН
ОЙЫНДАР
КАРТОТЕКАСЫ



Картотека № 1
«Менің сүйікті ертегім»

Мақсаты: ертегі кейіпкерлері бойынша ертегілерді атау, жағымды, жағымсыз кейіпкерлерді ажырату. Достыққа, адамгершілікке, жолдастыққа тәрбиелеу.

Көрнекілігі: ертегі кейіпкерлерінің суреттері.

1) **Ойын шарты:** сурет бойынша ертегілердің аттары мен мазмұнын айту.

2) **Шарты:** педагог балаларға қазақтың халық ертегілерінде кездесетін кейіпкерлерді атайды.

Мысалы: хан, уәзір, қарға, кірпі, т.б.
Аталған кейіпкерлерді біріктіре отырып, жаңа ертегі мазмұнын құрастырып айтуды ұсынады. Балалар ертегі құрастырады. Ең қызықты ертегі ойлап тапқан бала жүргізуші болып, ойынды жалғастырады.



Карточка №2
«Не қайда тұрады?»

Мақсаты: Ойын арқылы балалардың тілін, ой-өрісін дамыту

Керекті құрал-жабдықтар: Жануарлардың және олардың тұратын орталарының суреттері

Шарты: Балаларға иттің, қоянның, қойдың, торғайдың т.б суреттерін көрсетіп сұрақтар қою арқылы, әрқайсының тұру орталарына орналастыру қажеттігі түсіндіріледі (итке-үйшік, торғайға ұя, қойға-қора, қоян-қоршауға)



Картотека №3

«Төлдерін тап та, көрсет»

Мақсаты: Балалардың байқампаздық қасиеті, есте сақтау қабілеттерін дамыту, шапшаңдыққа баулу

Шарты: тақтада көсетілген жануарлардың төлдерін сызық сызу арқылы көрсету.

Керекті құрал-жабдықтар: көрнекіліктер: жануарлардың, төлдердің суреттері



Картотека №4
«Қуыршақ қонаққа дайындалуда»

Ойынның мақсаты: ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, ұзындығы бірдей деген өлшемдерді салыстыруға жаттықтыру.

Ойынның құрал-жабдықтары: ұзындығы, жуандығы, түсі әртүрлі ленталар.

Ойынның мазмұны: Қуыршақ қонаққа барады, киімін киюге, шашына бантик таңдауға көмектесуді ұсыну.

Көп бантиктердің арасынан ұзындығы бірдей екі бантикті табу керек.

Әдемі бантиктермен қуыршақтың шашын әсемдеу.



Картотека №5
«Кім не жейді?»

Мақсаты: *Логикалық ойлауды, сөйлеуді, талғамды, байланыс құруды және түсіндіре білуді дамыту*

Барысы: *Өсімдіктер мен жануарлары бар карточкалар жинағын дайындайды.*

М/ы: *шөп-қоян-қасқыр: шаян-балық-итбалық-ақ аю: шырша бүршігі-тиін-сусар: өсімдік (шырын)-көбелек-бақа-құтан және т.б.*

Балаларға карточкалар таратылады.
(карточкаларды лайықты суреттермен бетперделермен ауыстыруға болады)

Көрнекілігі: *Өсімдіктер мен жануарлар бейнеленген суреттер*



Картотека №6
«Апта күндері»

Мақсаты: Апта күндерін атап, есте сақтай білуге үйрету

Барысы: Арнайы дайындалған карточканы көрсетіп, таныстыру. Апта күндерін атап, карточканы таратып беру. Тақтаға шыққан бала карточкаға сәйкес өз апта атын білу керек.

Тәрбиеші бұйрығымен, «дүйсенбі» бір адым алдыға десе, тұрып қалмай алдыға шығу керек. Бұдан соң балалар кезекпен ауысып тақтаға шығады

Керекті құрал-жабдықтар, көрнекіліктер: Апта күндерін шартты түрде белгілейтін 1-ден 7-ге дейін дөңгелектермен дайындалған карточка



Картотека № 7

«Жапырағына қарай ажырат»

Мақсаты: Ұқсас белгісіне қарай жапырақтарды таба білуге жаттықтыру.

Сөздік қорын толықтыру, есту, қабылдау қабілетін дамыту.

Көрнекіліктер: әр түрлі жапырақтар

Ойын шарты: жапырақтарды салыстыру, қай ағаштың жапырағы екенін табу.



Картотека №8

«Бақша да ма, бау да ма?»

Ойынның мақсаты: Жемістер мен көкөністер туралы мағлұмат беру. Олардың айырмашылықтарын түсіндіру

Ойынның мазмұны: Тәрбиеші балаларға жемістер мен көкөністердің суреттерін көрсету арқылы олардың атауларын айтқызады. Сонан соң көкөністердің жерде, жемістердің талда өсетінін түсіндіру арқылы сұрақтар қойып, балалардың ойынға қызығушылықпен қатыстырады

Ойынның көрнекілігі: Жемістер мен көкөністердің суреттері



Карточка №9

«Қай жануар артық»

Мақсаты: Балалардың ойлау қабілетін дамыту.

Жасырылған жануарларды табу арқылы тілдерін дамыту.

Шарты: жануарларды жасырып қоя. шапшаң таба білу. Жоғалған жануарлардың атауларын айту, қай жануардың қасында тұрғанын тақтадан көрсету.

Көрнекілігі: Жануарлардың, үлестірмелі суреттер.



Картотека №10

Танып ал да, атын ата

Мақсаты: заттың түр-түсін, пішінін, атын атауға жаттықтыру; сөздік қорын молайту; ойлау қабілетін дамыту.

Қажетті құралдар: әр түрлі ойыншықтар немесе суреттер.

Ойын барысы: Балаларға әртүрлі ойыншықтарды көрсету. Ортаға бір-бір баладан шақырып, бір ойыншықты алып, оның түр-түсін, пішінін, қасиетін анықтауды және сол ойыншық жайлы әңгіме құрауды немесе тақпақ айтып беруді ұсынады.



Картоотека №11

«Кімге не керек»

Ойынның мақсаты: Түрлі мамандықтың еңбек құралдарын танып айта білуге үйрету

Ойынның шарты: Тәрбиеші тақтаға әр түрлі мамандық иелерінің суретін орналастырады. Үстел үстінде мамандықтарға қажетті құрал жабдықтар бейнеленген кәртішкелер.

Тәрбиеші осы бейнеленген кәртішкелерді сәйкестендіріп, өз мамандық иелерінің қасына орналастыру керектігін түсіндіреді.

М/ы: тігіншіге-ине, құрылысшыға-қалақ, мұғалімге-кітап т.б

Көрнекілігі: Әртүрлі мамандыққа қажетті құрал-жабдықтар бейнеленген карточкалар



Картотека № 12
«Телефон»

Мақсаты: естіген сөзді екінші балаға бұлжытпай жеткізуге дағдыландыру, диалогты Сөйлеуді жетілдіру арқылы сөздік қорын молайту.

Көрнекілік: телефон.

Ойын шарты: телефон арқылы естіген сөзді басқа балаға жеткізесіндер. Айтылған сөзді құлаққа ешкім естімейтіндей етіп айтуымыз керек.

Егер телефон үзіліп қалса, телефонды үзген бала айыбын төлейді.

(Мысалы: мақал, өлең, т.б. білгенін айтуға болады).

*Телефон арқылы екі бала:
Алло! Сәлеметсің бе, Адина?
Иә Сәлеметсің бе? Бұл кім екен? Не істеп жатырсың?*



Картотека №13

«Қайсысы қайда тіршілік етеді?»

Мақсаты: суреттен көрген заттарының аттарын тап, олардың қайда өмір сүретінің айтқызу.

Сөздік қорын молайту.

Көрнекіліктер: теледидар, әр түрлі жануарлар, құстар, аңдар суреттері.

Ойын шарты: әр түрлі аңдар, құстарды көрсетіп, олардың қайда өмір сүретінің сұрайды. Олардың немен қоректенетінің айтқызады.

Балалардың сөздік қорына жаңа сөздер енгізу үшін, тапсырманы түрлендіруге болады. Олар туралы балалардың білетін өлең, жұмбақтарын айтқызады.



Картотека №14
«Дастархан мәзірі»

Мақсаты: балаларды тағамдардың жалпы және жеке атауы, ажыратып атай білуге үйрету. Дастархан мәзірін жасауда қажетті заттарды айтқызу арқылы сөздік қорын байыту.

Көрнекіліктер: дастархан, оған қажетті заттар, тағам түрлері.

Ойын шарты: балаларды топқа бөліп таңертеңгі және түскі асқа қажетті тағамдарды айтқызып, дастархан мәзірін жасатуды жарыс түрінде жүргізу.

Балалар дастархан мәзірін даярлау кезінде, тағамдар туралы білетіндерін айтып отырады.

Тағамдарды қажет үстелге орналастырады.

Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.



Картотека № 15
«Балабақша»

Мақсаты: балабақша қызыметкерлерін және оларға қажетті құралдарды дұрыс атап, ажырата білуге үйрету.

Көрнекіліктер: тәрбиеші, дәрігер, аспазшы және оларға қажетті құралдар.

Ойын шарты: тәрбиеші, дәрігер, аспазшыға керекті құрал-жабдықтардың аттарын атап, топтастырады.

Мысалы: тәрбиешіге қалам, дәптер, сызғыш т.б. құралдарды атап көрсету.



Картотека № 16
«Үй жануарлары

Мақсаты: балаларды үй жануарлары мен төлдерді ажыратуға, олардың қимылын, қалай дыбыстайтынын айтқызып, оларға қамқоршы болуға тәрбиелеу.

Көрнекілік: үй жануарларының, төлдердің суреттері.

Ойын шарты: балаларға үй жануарларының суреттері таратылып беріледі.

Олардың қалай аталатынын, қалай дыбыстайтынын, қалай күтуге болатынын айтқызады.

Сонымен бірге олардың дене мүшелерін де ататып, үй жануарлары туралы балалардың білетін жұмбақтарын шешкізеді.

Неге үй жануаллары?- деп аталатының айтқызады.

Қой атасын не дейміз?...

Түйе атасын не дейміз?

Сиыр атасын не дейміз?

Жылқы атасын не дейміз?



Картотека №17
«Сөйлемді жалғастыр»

Мақсаты: балаларды берілген тапсырманы мұқият тындап орынауға, сөйлемді жалғастыра білуге, сөйлемнің неше сөзден құралғанын айтуға үйретіп, тапқырлыққа баулу.

Көрнекілік: сөздер жазылған карточкалар.

Ойын шарты: бір бала сөйлемнің басын бастайды, басқа балалар сөйлемді баяқтауы керек.

Мысалы: Бақшада ойыншықтар....

Менің үйде.... Мен бақшаға....

Ойынды тапқырлыққа байланысты өзгертіп отырып өткізуге болады.

Сөйлемді балалар өздері бастап, өздері аяқтайды. Ойын соңында бір сөйлемнің неше сөзден тұратынын талдайды.



Картотека №18
«Қайсысы ұнайды?»

Мақсаты: суреттен көрген заттарының атын атап, суреттеп, қайсысының ұнайтынын, не үшін ұнағанын айтқызу.

Сөздік қорын молайту.

Көрнекілік: жануарлар, жыл мезгілдерінің суреттері.

Ойын шарты: әр түрлі суреттерді көрсетіп, олардың қайсысының ұнайтынын, не үшін ұнағаны туралы сұралады. Олардың қай мезгілде бейнеленгенін айтқызады.

Балалардың сөздік қорына жаңа сөздер енгізу үшін, тапсырманы түрлендіруге болады.

Олар туралы балалардың білетін өлеңдерін айтқызуға болады.



Картотека № 19
«Орнын тап»

Мақсаты: балаларға өз бөлмесіне қажетті мүліктердің аттарын айтқызып, суреттен таба білуге үйрету.

Өз бөлмесіндегі мүліктерді ұқыпты ұстауға тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: бөлме, үй бөліктерінің суреттері.

Ойын шарты: балалар үй мүліктерінің ішінен өз бөлмесіне қажетті заттарды ажыратып орналастырады.

Үй мүліктерінің атауларын айтады.

Кітап, сағат, диван, төсеніш, компьютер, орындық, аквариум, ойыншық,



Картотека № 20

«Көкөніс пен жемісті ажырат»

Мақсаты: баланың тілін жетілдіру мен дұрыс сөйлеуге, баулуға арналған бұл ойында табиғат

құбылыстарымен байланыстыра отырып, жемістердің өсуін, пісіп жетілуін таныстыру арқылы, логикалық ойлауын қалыптастыру.

Ойын шарты: балалар жемістердің түсін, пішінін және неге ұқсайтынын сипаттап беріп, өз орнына орналастырады.

